



**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің
білім беру бағдарламаларының Тізіліміне білім беру
бағдарламасын енгізуге өтініш беру және Тізілім нысандарын
толтыру бойынша нұсқаулық**

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілер	3
1 тарау «ТжКББ ББ Тізілімі» ақпараттық жүйесі	
1.1. Жалпы мәліметтер	4
1.2. АЖ авторизациялау	5
1.3. Өтінім берушінің АЖ өтінім беру және ББ нысандарын толтыру	6

Қысқартулар мен белгілер

Авторизациялау – белгілі бір адамға немесе адамдар тобына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру; сондай-ақ осы әрекеттерді орындау кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі.

МБЖС - Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Пайдаланушы-жүйедегі рөліне сәйкес, берілген функционалдылық жиынтығымен жүйеде жұмыс істеуге құқығы бар жүйенің пайдаланушысы.

АЖ- ақпараттық жүйе.

ҰБШ- Ұлттық біліктілік шеңбері.

ЖБП- жалпы білім беру пәндері.

ББ - білім беру бағдарламалары.

ТжКББ ББ тізілімі - Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының Тізілімі.

ОН- оқыту нәтижесі.

ТжКБ - техникалық және кәсіптік білім беру.

ТжКББ- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.

1 тарау.. «ТжКББ ББ тізілімі» ақпараттық жүйесі

1.1. Жалпы мәліметтер

1. ТжКББ ББ тізілімі - ТжКББ ұйымдары әзірлеген ББ тізбесін қамтитын білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттандыру объектісі.

2. Тізілімді жүргізу техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына, сондай-ақ ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. «ТжКББ ББ тізілімі» АЖ пайдаланушылары:

Өтініш беруші-ТжКББ білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

Әкімші- тізілімді жүргізуді жүзеге асыратын және білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын заңды тұлға. ҚР ОМ 04.12.2023 ж. №356 бұйрығына сәйкес тізілім әкімшісі болып "Talap" КЕАҚ анықталды;

Сарапшылар-сараптама жүргізу үшін тартылатын пәндік саладағы білікті мамандар. Сарапшылар мамандық бойынша сараптамалық топтың құрамына кіреді.

4. АЖ пайдаланушыларға олардың рөліне байланысты:

- тізілімге ББ енгізуге өтінім беруге;
- өтінімнің мәртебесін және оның өзгеруін қадағалауға;
- ББ сараптама өлшемшарттарына сәйкестігін бағалауға;
- ББ тізілімге қосуға немесе оны қабылдамауға;
- ББ жалпы саны туралы, сондай-ақ өңірлер, колледждер, мамандықтар,

біліктіліктер, оқыту тілі мен нысаны және т. б. бойынша ақпаратпен танысуға мүмкіндік береді.

5. Тізілімді жүргізу қазақ және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

6. ББ Тізілімге енгізу тәртібі:

1) өтініш беруші өтінімді және ББ нысандарын оқыту тілінде толтырады және әкімшінің қарауына жібереді;

2) әкімші бастапқы сараптаманы жүргізеді және оның нәтижелері бойынша оны өтініш берушіге (екі ретке дейін) (ескертулер болған кезде) пысықтауға немесе сарапшылар тобына сараптамаға жібереді;

3) сарапшылар тобы келіп түскен ББ сараптамасын жүзеге асырады және оның нәтижелері бойынша өтініш берушіге пысықтауға жібереді (екі ретке дейін) (ескертулер болған кезде) немесе Тізілімге енгізу үшін мақұлдайды;

4) сарапшылар тобының оң қорытындысы негізінде әкімші тіркеу нөміріне сәйкес QR (Кюар) кодты бере отырып, тізілімге ББ енгізеді.

7. Тізілімдегі ББ жаңартуға жыл сайын жол беріледі. Өтініш беруші құжаттарды жібереді және жаңартылған ББ сараптама жүргізеді.

Білім беру бағдарламасы жаңартылған жағдайда әкімші бастапқы сараптама жүргізеді, енгізілген өзгерістердің көлемін анықтайды және бағдарламаны Тізілімге енгізу немесе осы бағдарламаны сараптамалық топқа жіберу туралы шешім қабылдайды.

ББ-ны әкімші сараптама жүргізбей жаңартады:

1) қолда бар оқыту нәтижелерін және модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, модульдің кредиттердегі (пәннің) еңбек сыйымдылығы көлемінің өзгеруі;

2) модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы санынан оқыту нәтижелерін 25% - дан асырмай өзгерту немесе қосу;

3) құзыреттердің 25% - дан асырмай өзгертуі;

4) мәтінді техникалық түзету.

8. ТжКБ ұйымы әкімшінің преysкурантына сәйкес өтініш берушінің есебінен ақылы негізде жүргізілетін сараптамаға өтінім беруге келесі жағдайларда құқылы:

1) бөлінген мемлекеттік бюджеттің таусылуы;

2) қабылданбаған ББ қайта сараптамадан өткізу;

3) қажет болған жағдайда ТжКБ ұйымының қалауы бойынша.

9. ББ Тізілімнен алып тастау әкімші келесі негіздердің бірі болғанда жүргізеді:

1) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өтініш берушінің өтінімдері;

2) білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми ұсынылған ақпараты және (немесе) заңды күшіне енген сот шешімі негізінде өтініш берушіні даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру;


3) бағдарламаның өзектілігін жоғалту (соңғы 3 (үш) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы);

4) өтініш берушінің ББ іске асырудан бас тартуы.

10. Барлық пайдаланушылар ақпараттық жүйеде авторизациядан өтеді.

1.2. АЖ-да авторизациялау

11. Авторизациялау үшін АЖ пайдаланушыларына "Talap" КЕАҚ хостинг тізілімінің платформасына сілтеме бойынша өту қажет. Жалпыға қол жетімді бетте жоғарғы оң жақ бұрышындағы беттің "кіру" батырмасына жүгініңіз. Авторизациялау бетінде жүйе пайдаланушының логині мен паролін енгізу мүмкіндігі бар авторизация тақтасын көрсетеді (1-сурет).



1 сурет. Авторизациялау беті

Авторизациялау кезінде жүйе мыналарды тексереді:

1. Енгізілген логиннің өзектілігі (электрондық пошта мекенжайлары);
2. Енгізілген логин мен парольдің дұрыстығы.

Логин мен пароль дұрыс енгізілмеген жағдайда, жүйе қате туралы хабарды көрсетеді: «*Логин немесе пароль дұрыс емес*» және кіруге тыйым салады.

Авторизациялау сәтті болған кезде, жүйенің басты беті әдепкі қалпы бойынша көрсетіледі.

1.3. Өтініш берушінің АЖ-ға өтінім және ББ нысандарын беруі.

12. Өтініш беруші АЖ-да сәтті авторизацияланғаннан кейін «Өтінімдер журналы» тізілімінің негізгі беті көрсетіледі, онда ББ-ның мынадай деректері көрсетіледі: ТЖКБ ұйымының атауы, оқыту тілі, мамандығы, біліктілігі, ББ-ның ағымдағы мәртебесі және тіркелген күні.

Өтінімдер журналында өтінім берушіге тізілімге енгізілген, сараптамадағы, сондай-ақ толтыру процесінде тұрған жеке ББ ғана көрінеді. Бұл бетте өтініш берушіге арналған «*Жаңа өтінім*» батырмасы үнемі белсенді болып тұрады (2-сурет).

Тәжік ББ беру бағдарламасының Тізімі

Тізім Шығу ҚАЗ

Q Іздеу

Жазбалар табылды: 6


Жаңа өтінім

Организация ТипПО	Оқыту тілі	Мамандық	Біліктілік	Ағымдағы мәртебесі	Тіркелу күні	
"Көкшетау қаласы, Жоғары техникалық колледжі" МКҚК	Қазақ			Жаңа өтінім	20-02-2024	+ -
ГККП "Высший технический колледж, город Кокшетау"	Русский	07150100 Технология машиностроения (по видам)	4507150105 Техник-технолог	Тіркелген	08-09-2023	+ -
ГККП "Высший технический колледж, город Кокшетау"	Русский	07150100 Технология машиностроения (по видам)	3W07150102 Станочник широкого профиля	Тіркелген	07-09-2023	+ -
ГККП "Высший технический колледж, город Кокшетау"	Русский	07150300 Токарное дело (по видам)	4507150304 Техник-технолог	Тіркелген	06-09-2023	+ -
ГККП "Высший технический колледж, город Кокшетау"	Русский	07150300 Токарное дело (по видам)	3W07150301 Токарь	Тіркелген	06-09-2023	+ -
ГККП "Высший технический колледж, город Кокшетау"	Русский	07320700 Строительство и эксплуатация автомобильных дорог и аэродромов	3W07320702 Машинист дорожно-строительных машин	Тіркелген	05-09-2023	+ -

Активировать Windows. Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".


2 сурет. Өтініш берушінің өтінімдер журналы.

13. Осы бетте «Жаңа ББ өтінім» **Жаңа ББ өтінім**, «ББ жаңартуға өтінім» **ББ жаңартуға өтінім**, «ББ алып тастауға өтінім» **ББ алып тастауға өтінім** түймелері өтініш беруші үшін үнемі белсенді болады (2а-сурет). Өтінім беру үшін өтініш беруші өтініш түрін таңдауы керек.



2а-сурет. Өтінім түрін таңдау

14. ББ-ны тізілімге енгізуге, өтінімді жіберу үшін, өтінім беруші өтінімдер журналы бетінің жоғарғы сол жақ бұрышындағы «Жаңа өтінім» батырмасын басуы қажет, содан кейін «Жалпы мәліметтер» тізілімінің беті ашылады (3-сурет).



ТЖКОББ білім беру бағдарламасының Тізілімі Тізілім Шығу «ҚАЗ»

Сақтау Артка

Жалпы мәліметтер Құзыреттер тізімі Модульдердің (пәндердің) мазмұны Өтінім

Оқыту тілі
 Русский Қазақ Английский

Жасалған күні
 19-02-2024

Өтінімнің түскен күні

Білім бағдарламасының жаңарту күні

Лицензия
 Файлды таңдаңыз


Сақтау Артка

Активация Windows
 Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

3 сурет. «Жалпы мәліметтер» тізілімінің беті

ББ іске асырылатын оқыту тілінің «Жалпы мәліметтер» бетін белгі жолағында таңдағаннан кейін тізілім беттері өтінім мен ББ нысандарын толтыру үшін толығымен белсенді болады. Бұл ретте АЖ "Сақтау" батырмасын басу арқылы толтырудың кез келген кезеңінде ақпаратты сақтауға мүмкіндік береді.

15. Тіркеу деректері: өтінімнің құрылған күні, келіп түскен күні, тізілімде тіркелген күні, білім беру бағдарламасының жаңартылған күні, сондай-ақ өтінім нөмірі мен тіркеу нөмірі АЖ автоматты түрде жасалады. Құрылған күні «Жаңа өтінім» батырмасын басу және «Жалпы мәліметтер» бетіне кіру кезінде бірден анықталады (4-сурет).



ТЖКОББ білім беру бағдарламасының Тізілімі Тізілім Шығу «ҚАЗ»

Сақтау Артка

Жалпы мәліметтер Құзыреттер тізімі Модульдердің (пәндердің) мазмұны Өтінім

Оқыту тілі
 Русский Қазақ Английский

Жасалған күні
 19-02-2024

Өтінімнің түскен күні

Білім бағдарламасының жаңарту күні

Аймақ

ТЖКОББ ұйымы

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

Білім деңгейі


Активация Windows
 Чтобы активировать Windows, перейдите в раздел "Параметры".

4 сурет. «Жалпы мәліметтер» бетін белсендіру

«Өтінімнің келіп түскен күні» өтінімді және ББ нысандарын әкімшіге бастапқы сараптамаға жіберу сәтінде қалыптастырылады, «Білім беру бағдарламасын жаңарту күні» әкімшінің Тізілімге енгізгеннен кейін өтініш берушінің ББ жаңарту кезінде қалыптастырылады (жыл сайын рұқсат етіледі).

«Өтінім нөмірі» өтінім келіп түскен кезде, ББ тізілімге енгізілгеннен кейін «Тіркеу нөмірі» жасалады. Өтінім нөмірі 11 XXXXXX-XXX-XX белгілерден тұрады, онда алғашқы 6 белгі ББ мамандығының кодын, келесі 3 белгі - осы мамандық бойынша өтінімнің реттік нөмірін, соңғы 2 белгі - өтінімнің түскен жылы көрсетіледі.

«Тіркеу нөмірі» тізілімге енгізілген ББ-ға ғана беріледі. Ол 15 XXXXXX-XXXX-XXXX-XX белгілерінен тұрады, олар ішінара өтінім нөмірін, сондай-ақ тізілімге енгізілген ББ жалпы санының өтпелі нөмірленуін көрсетеді (5-сурет).




5 сурет. Тіркеу деректері

16. ББ тілін таңдағаннан кейін өтініш беруші «Жалпы мәліметтер» бетінің өрістерін толтырады. ББ бойынша мынадай деректерді көрсету қажет (деректер титулдық парақтан және ББ паспортынан алынады):

- ✓ Аймақ
- ✓ ТЖКББ ұйымы
- ✓ Әзірлеуші- серіктес (жұмыс беруші)
- ✓ Білім деңгейі
- ✓ Даярлау бағыты
- ✓ Мамандырылуы
- ✓ Мамандық коды және атауы
- ✓ Біліктілік коды және атауы
- ✓ ҰБШ бойынша деңгей
- ✓ Білім беру бағдарламасының мақсаты
- ✓ Кәсіби қызмет саласы
- ✓ Кәсіптік стандарт (бар болса)
- ✓ WorldSkills (Ворлдскилс) кәсіптік стандарт (бар болса)
- ✓ Оқыту нысаны
- ✓ Білім беру базасы
- ✓ Оқыту тілі
- ✓ Кредиттердің жалпы көлемі


- ✓ Индустриялық кеңес (Жұмыс берушілер кеңесі) отырысының хаттамасы № күні.
- ✓ Оқу-әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы № күні
- ✓ Білім беру бағдарламасының ерекшелігі.

«Өңір» өрісі анықтамалық болып табылады. Меңзерді анықтамалық белгінің үстіне апарған кезде оң жақта 20 аймақтың тізімі пайда болады. Өтініш беруші өз өңірін таңдап, «Сақтау» батырмасын басуы керек (6-сурет).




6 сурет. Аймақты таңдау

«ТЖКББ ұйымы» өрісі де анықтамалық болып табылады және «аймақ» өрісімен байланысты: курсорды анықтамалық белгінің үстіне апарған кезде АЖ тек жоғарыда таңдалған аймақтың колледждерін көрсетеді (7-сурет).




7 сурет. ТЖКББ ұйымын таңдау

Әзірлеуші-серіктес (ББ әзірлеуге қатысқан жұмыс берушінің ұйымы) туралы деректерді қолмен толтырылады. Сонымен қатар, АЖ осы өрісте бұрын жасалған жазбаларды есте сақтайды және оларды таңдауға ұсынады (8-сурет).



8 сурет. Әзірлеуші серіктес туралы мәліметтер

«Білім деңгейі» өрісінде ББ іске асыру деңгейіне байланысты «Техникалық және кәсіптік» немесе «Орта білімнен кейінгі» деген белгіні қою қажет (9-сурет).




9 сурет. Білім деңгейін таңдау


Таңдалған білім деңгейіне байланысты «Даярлау бағыты», «Мамандырылуы», «Мамандық коды және атауы», «Біліктілік коды және атауы» деген өрістер ҚР Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі №500 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышысына сәйкес анықтамалық болып табылады.

Бұл өрістер дәйекті түрде өзара байланысты: алдымен дайындық бағыты таңдалады (10-сурет), АЖ даярлау мамандығын таңдағанда тек осы дайындық бағыты бойынша мамандандыру тізімі ұсынылады (11-сурет), сол сияқты АЖ таңдалған мамандандыру бойынша мамандықтар тізімін (12-Сурет) және таңдалған мамандық бойынша біліктілік тізімі ұсынады (13-сурет).


ТжКБ деңгейін жүйемен таңдау кезінде ТжКБ сыныптауышысы жүктеледі, сол сияқты орта білімнен кейін деңгейін таңдау кезінде орта білімнен кейінгі сыныптауышысы жүктеледі.



10 сурет. ББ даярлау бағытын таңдау




11 сурет. ББ мамандандырылуын таңдау




12 сурет. ББ мамандығын таңдау

ББ оқыту траекториясының құрылысына байланысты АЖ қажетті біліктілік санын таңдауға мүмкіндік береді (13-сурет).




13 сурет. ББ біліктілігін таңдау

ҰБШ деңгейін таңдау білім деңгейін таңдауға байланысты: егер ББ орта білімнен кейін білім деңгейінде іске асырылса, жүйе ҰБШ 5 деңгейін көрсетеді, егер ББ ТЖКБ деңгейіне әзірленсе, жүйе 3, 4 таңдау ұсынады. Бұл ретте ББ-да білікті жұмысшы кадрлардан бастап орта буын мамандарына дейінгі траекториялар іске асырылған жағдайда ҰБШ-ның екі деңгейін де таңдау мүмкіндігі бар (14-сурет).



14 сурет. ҰБШ деңгейі


ББ мақсаты қолмен енгізіледі: көшірілген мәтінді қою немесе теру (15-сурет).




15 сурет. ББ мақсаты

Білім беру бағдарламасы әзірленген кезде пайдаланылған кәсіптік стандарттардың атауы Career Enbek платформасына синхрондалған КС

тізбесінен таңдалады (16а-сурет). Жолдар бір-бірімен тізбекті түрде байланысқан: КС → Кәсіп карточкасы → Еңбек функциясы → Дағды → Білім → Іскерлік. Қолданылған кәсіптік стандарт Career Enbek тізімінде болмаса, онда кәсіптік стандартты Тізілім ұсынған КС анықтамалығынан қажетті санын таңдау мүмкіндігі бар (16б-сурет).




16а-сурет. Career Enbek кәсіптік стандартты таңдау




16б-сурет. Кәсіптік стандартты Тізілім КС Анықтамалығынан таңдау

WorldSkills талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламасы әзірленген кәсіптік стандарттары мен стандарттарының атауы қажетті мөлшерді таңдау мүмкіндігімен ұсынылған тізімнен таңдалады (17-сурет).




17 сурет. WorldSkills кәсіптік стандартын таңдау

Оқыту нысаны күндізгі және сырттай нысандарда беріледі, егер оқыту күндізгі және сырттай жүргізілсе, екі нысанды да көрсету қажет (18-сурет).



18 сурет. Оқыту нысаны

Білім беру базасын таңдау үшін қалқымалы терезеде жалауша қою керек. Егер білім беру бағдарламасы негізгі орта білім беру базасында және жалпы орта білім беру базасында да іске асырылса, тізілімге енгізу үшін негізгі орта білім беру базасындағы бағдарлама беріледі, бұл ретте екі жалауша қойылады (19-сурет).




19 сурет. Білім беру базасы

«Міндетті оқытуға арналған кредиттердің көлемі» деген өріс, «Модуль (пән) бойынша кредиттердің саны» деген бағанда көрсетілген кредиттер сомасын, сондай-ақ «Өзіндік жұмыс» жолдары, «Модульдердің (пәндердің) мазмұны мен көлемі» тізілімі бетіндегі, санау арқылы АЖ автоматты түрде толтырылады (20-сурет).



20 сурет. Кредиттердің жалпы көлемі

«Индустриалдық кеңес» (жұмыс берушілер кеңесі) отырысының хаттамасы №, күні, және «Оқу-әдістемелік кеңес» отырысының хаттамасы № күні деген жолдар қолмен толтырылады (21-сурет). Осы деректерді толтыру кезінде ББ алдымен индустриалды, содан кейін оқу-әдістемелік кеңесте қарастырылатындығын ескеру қажет.



21 сурет. ББ мақұлдау туралы ақпарат және ұсынымдар

«Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері» өрісі АЖ ұсынған тізімнен таңдаумен толтырылады (22-сурет).

Выберите


Q Поиск По

- Жоқ
- Эксперименттік бағдарлама
- Дуальды оқыту
- Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған бағдарлама
- Бағдарлама шетелдік серіктестермен бірлесіп әзірленген
- Бағдарлама ҚАЖК әзірленген
- Бағдарлама ЖОО синхрондалған


22 сурет. ББ-ның айрықша ерекшеліктері

«Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері» тізімінен «Эксперименттік бағдарлама», «Бағдарлама шетелдік серіктестермен бірлесіп әзірленген» немесе «Бағдарлама ЖОО синхрондалған» бірін таңдағын кезде өтініш беруші растайтын құжатты (бұйрық, меморандум және т.б.) қоса жүктейді.


Егер өтінім берушің ұсынылынған ББ-да кадрлар даярлауға біліктілігі бойынша лицензиясы болса, тізілімге енгізу үшін «Жалпы мәліметтер» бетіндегі Pdf форматтағы лицензияны «Лицензия» өрісіне тіркейді. (23-сурет). Лицензияны тіркеу үшін алдымен «Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім» бетіне және «Осы мамандық бойынша лицензияның болуы» өрісінің қалқымалы терезесінде «Бар» жолын таңдаңыз (24-сурет), әйтпесе АЖ бекітілген файлды сақтамайды (25-сурет). «Бар» жолын таңдағаннан кейін жүйе бекітілген лицензияны сақтайды. Егер тіркеу кезінде қате пайда болса (қате файл тіркелген болса), жүйе, «Жою» түймесін басу арқылы жоюға мүмкіндік береді (26-сурет).




23 сурет. Лицензияны тіркеу



24 сурет. Лицензияның болуы туралы мәліметтер




25 сурет. Лицензияны сақтаудан бас тарту




26 сурет. Лицензияны бекіту және сақтау туралы мәліметтер

17. «Жалпы мәліметтер» бетінің барлық өрістерін толтырып, сақтағаннан кейін «Құзыреттер тізімі» бетіне өту қажет. Өрістерді толтыруды бастау үшін «Қосу» батырмасын басу керек (27-сурет).




27 сурет. «Құзыреттер тізімі» беті

АЖ «Қосу» батырмасын басу арқылы құзыреттерді жазу үшін қажетті өрістер санын қосуға, сондай-ақ «Жою» батырмасын басу арқылы өрістерді жоюға мүмкіндік береді. № қосылған немесе жойылған жолдарды ескере отырып, жүйемен ретімен автоматты түрде орнатылады. «Құзырет индексі» және «Құзырет атауы» бағандарындағы өрістер қолмен толтырылады: көшірілген мәтінді теру немесе қою арқылы. (28-сурет).




28 сурет. «Құзыреттер тізімі» бетін толтыру

18. «Модульдердің/пәндердің мазмұны мен көлемі» тізілімінің келесі беті «Модульдердің (пәндердің) мазмұны», «Білім беру бағдарламасының модульдері (пәндері) бөлінісінде игерілген кредиттердің/сағаттардың көлемін көрсететін жиынтық кесте» ББ нысандарынан толтырылады (29-сурет).



29 сурет. «Модульдердің/пәндердің мазмұны мен көлемі» беті


Сондай-ақ, модульдерді (пәндерді) және оқыту нәтижелерін «Қосу» батырмасын басу арқылы жазу үшін қажетті өрістер санын қосуға, сондай-ақ «Жою» батырмасын басу арқылы өрістерді жоюға мүмкіндік беріледі. № қосылған немесе жойылған жолдарды ескере отырып, жүйемен автоматты түрде ретімен орнатылады. Өрістер қолмен толтырылады: көшірілген мәтінді қою немесе теру. Модуль (пән) бойынша сағат саны МЖБС 20-тармағына сәйкес модуль (пән) бойынша кредиттер санын 24-ке көбейту арқылы жүйемен автоматты түрде есептеледі (30-сурет).




30 сурет. «Модульдердің/пәндердің мазмұны мен көлемі» бетін толтыру

19. Тізілімнің барлық беттерін толтырғаннан кейін «Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім» беті ресімделеді. Лицензияның бар екендігі туралы деректер қойылады, қалқымалы терезеден таңдау арқылы өтініш беруші басшысының (колледж директоры), сондай – ақ орындаушының (өтініш берушінің тізілімге ББ әзірлеуге және енгізуге жауапты тұлға-директордың ОЖ, ОӘЖ, ОӨЖ жөніндегі орынбасары) байланыс деректері көрсетіле отырып, Тегі, Аты, Әкесінің аты қолмен жазылады. Өтінімнің

барлық өрістерін толтырғаннан кейін «Сақтау» батырмасын басу қажет. (32, 33 суреттер).



31 сурет. Жаңа ББ өтінім беті



Білім беру бағдарламасын жаңартуға өтінім

«Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жоғары техникалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру үшін мамандығы 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)(коды, атауы), біліктілік (тер), ЗW06130102 Web дизайнер, 4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы(коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Тізілімдегі жаңартылатын ББ ID:

№	Өзгерістер түрлері	ББ қолданыстағы редакциясы	ББ жаңартылған редакциясы	Өзгерістер пайызы
+	1 Оқыту нәтижелерін және модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша кредиттердің жалпы санын сақтай отырып, кредиттердегі модульдің (пәннің) еңбек сыйымдылығының көлемін өзгерту	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
+	2 Модульдер блогы (пәндер циклі) бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы санынан оқыту нәтижелерін өзгерту немесе қосу	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
+	3 Құзыреттерді өзгерту	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
+	4 Мәтінді техникалық түзету	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы:

Басшы:

Орындаушы:

Ұялы телефон:

Электрондық пошта мекенжайы:

31а-сурет. Жаңартылған ББ өтінім беті

Білім беру бағдарламасын алып тастауға өтінім

«Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Жоғары техникалық колледжі» МКҚК техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізілімінен мамандағы 06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)(коды, атауы), біліктілік (тер), 3W06130102 Web дизайнер, 4S06130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы(коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Тізілімнен алып тасталатын ББ ID:

Қосымша Файл не выбран

Басшы:

Орындаушы:

Ұялы телефон:

Электрондық пошта мекенжайы:

31б-сурет. ББ алып тастауға өтінім беті

Реестр образовательных программ ТипПО Реестр Выйти +РУС

Общие сведения Перечень компетенций Содержание и объем модулей (дисциплин) Заявка

Заявка на включение образовательной программы

направляет для проведения экспертизы и размещения в Реестре технического и профессионального, послесреднего образования образовательную программу по специальности, квалификации/ям.

Наличие лицензии по данной специальности:

Руководитель:

Исполнитель:

Сотовый телефон:

Адрес электронной почты:

32 сурет. Өтінімді ресімдеу


20. ББ жаңартуға өтінім берген кезде ББ 2024 жылы Тізілімге енгізілгеніне және өтініш беруші оның иесі екендігіне көз жеткізу үшін ББ идентификаторы (ID) тексеріледі (яғни, басқа өтініш берушінің ББ жаңартылуы мүмкін емес) (32а-сурет).

Жаңартуға ББ ID енгізіңіз ✕

Өтінім ID


32а-сурет. Жаңартылатын ББ ID тексеру

21. ББ алып тастауға өтінім берген кезде ББ 2024 жылы Тізілімге енгізілгеніне және өтініш беруші оның иесі екендігіне көз жеткізу үшін ББ идентификаторы (ID) тексеріледі (яғни, басқа өтініш берушінің ББ алып тасталуы мүмкін емес) (32б-сурет).




32б-сурет. Алып тасталынатын ББ ID тексеру

Өтінімде сақталғаннан кейін «Жалпы мәліметтер» бетінің тиісті өрістерінен өтінім берушінің атауы (ТЖКББ ұйымының атауы) және ББ мамандығы мен біліктілігі туралы деректер автоматты түрде қалыптастырылады (33-сурет).




33 сурет. ББ-ны тізілімге енгізуге ресімделген өтінім

Өтінімді және ББ нысандарын тізілімге жіберу үшін өтініш беруші «Тексеруге жіберу» батырмасын басады. Бұл ретте жүйе электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қоюға сұрау салады. Өтінімге колледж басшысының заңды немесе жеке ЭЦҚ-сы немесе орындаушының ЭЦҚ-сы қояды (34-сурет).



34 сурет. ЭЦҚ өтініміне қол қою


22. Өтінім бетінде «Тексеруге жіберу» батырмасын басқанға дейін өтінімді және тізілім ББ нысандарын қалыптастыру процесінде өтінім берушінің өтінімдер журналында ББ таңдау арқылы жазбаларды қарау, өзгерту және жою мүмкіндігі бар. Тексеруге жібергеннен кейін қарау түймесі ғана белсенді болып қалады (35-сурет).



Организация ТИПО	Оқыту тілі	Мамандық	Біліктілік	Ағымдағы мергебесі	Тірелу күні	
КГКП "Колледж индустрии туризма и гостеприимства"	Русский	10130300 Организация питания	3W10130301 Кондитер-оформитель, 3W10130302 Повар, 4510130303 Техноког	Жаңа өтінім	19-01-2024	👍 👎
КГКП "Колледж индустрии туризма и гостеприимства"	Русский	10130300 Организация питания	3W10130302 Повар	Тексеруде	03-10-2023	👍
КГКП "Колледж индустрии туризма и гостеприимства"	Русский	10130100 Гостиничный бизнес	4510130104 Супервайзер	Тексеруде	03-10-2023	👍
КГКП "Колледж индустрии туризма и гостеприимства"	Русский	10130200 Организация обслуживания в сфере питания	3W10130203 Менеджер	Тексеруде	15-09-2023	👍
КГКП "Колледж индустрии туризма и гостеприимства"	Русский	10130200 Организация обслуживания в сфере питания	4510130204 Менеджер по обслуживанию мероприятий	Тексеруде	14-09-2023	👍

35 сурет. Өтінім берушінің өтінімдер журналындағы әрекеттері


«Жұмыс барысы» қойындысы пайдаланушыға жасалған әрекет күні мен түсініктемелері бар тізілімдегі ағымдағы ББ күйін көруге мүмкіндік береді (36-сурет).



36 сурет. Жұмыс барысы

Өтінім беруші берілген өтінімнің мәртебесін қадағалауы қажет. Егер білім беру жұмысы пысықтауға қайта оралса, оны 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықтап, қайта сараптамаға жіберу қажет.

ТЖКОББ ББ ТІЗІЛІМІ



TALAP

ТжКБ тиімді жүйелерін құру

ТЖКОББКБ білім беру бағдарламаларының тізілімі

- [2022 ТжКОББКБ білім беру бағдарламаларының тізілімі](#)
- [2024 ТжКОББКБ білім беру бағдарламаларының тізілімі](#)
- [2025 ТжКОББКБ білім беру бағдарламаларының тізілімі](#)